



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2023 ж.

ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» (Атырау), бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы тауарларды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Өлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.4.3. Тауарды қабылдап алу-беру актісі.

2.5. Өнім беруші қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – жүйе) арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттар пакетін уақытылы ұсынбауға байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші тауарды мекенжайы бойынша және Шартқа №1, №2 қосымшаға сәйкес мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші қабылдау-беру актісіне қол қойған күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша жеткізеді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап Тапсырыс берушіге Өнім берушіден ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауармен бірге мынадай тиісті түрде ресімделген құжаттарды беруге міндетті:

3.3.1. мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне міндетті аудармасы бар белгіленген үлгідегі тауардың сәйкестік сертификатының түпнұсқасы (қажет болған жағдайда және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша);

3.3.2. міндетті түрде орыс тіліне аударып, белгіленген үлгідегі тауардың шығу тегі сертификатының түпнұсқасы (бар болса);

3.3.3. жүкқұжаттың түпнұсқасы екі данада;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





3.3.4. мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне міндетті аудармасы бар, өнім берушінің мөр бедерімен куәландырылған, дайындаушы зауыттан белгіленген үлгідегі тауардың сапасы туралы құжаттың көшірмесі;

3.3.5. сатып алынатын тауар түрін жинау, монтаждау, пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу үшін Тапсырыс берушіге қажетті мемлекеттік және (немесе) орыс тіліне міндетті аудармасы бар өзге де құжаттар (паспорттар, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар және т. б.) (қажет болған кезде және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша);

3.3.6. мемлекеттік немесе орыс тілдеріне міндетті аудармасы бар тауарға қауіпсіздік паспорты (өнім берушінің таңдауы бойынша);

3.3.7. сынақ хаттамасы (қажет болған жағдайда және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында берілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесін есептеу (жүйеде ұсынылады). Соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмесі (көшірмелері)(Жүйеде ұсынылады). Тәртібінің 37-бабының 6-тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізу кезінде түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.5. Салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, шартта көзделген тауарды жеткізуді жүзеге асыру, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуді, сондай-ақ салық органына салық есептілігінің дұрыс жасалуын және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету.

4.1.6. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен/Мердігермен/Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.7. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпарат (оның ішінде белгілі бір күнге өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) беру мүмкіндігін қарау.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:





4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінің және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап тексеру арқылы және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге тауарды алған сәттен бастап немесе әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) анықталған 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күндері ішінде тауардың жеткіліксіз жеткізілген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді, бұл ретте тауардың жеткізілмеген бөлігін жеткізу жөніндегі шығыстар өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдады деп есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап орнатылған кепілдікті 12 ай мерзім ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Тауар жаңа, тасымалдау, жеткізу және тиеу-түсіру қызметтері кезінде оны бүлінуден және жоғалудан қорғауды қамтамасыз ететін тәсілмен және құралдармен буып-түйілуі тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.


7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін жеткізілімі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған тауарлар құнының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге (тауарлар жеткізілімінің мерзімін өткізіп алған жағдайлардан басқа) және көрсетілген айыппұлдан тыс толық сомадағы залалды өтеуге міндетті

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.





7.2.5. Өнім беруші 4.1.5-тармақты тиісінше орындамаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қоса есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, тапсырыс берушіде осыған байланысты туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады;

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші Қабылдау-беру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған (Шарттың талаптары бойынша Тауар жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.5. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Тауарды уақтылы жеткізбегені немесе жеткізуден бас тартқаны үшін Шарт талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарды Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімақылардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртібінің тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды сатып алудың орынды еместігіне байланысты:


8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

8.3.4. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.5. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

8.4. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың





болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасаған шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Мұндай жағдайда келісім-шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды өтеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімақы мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсаны қоса алғанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар (пандемия), карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.


11.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар болған уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі. Көрсетілген мән-жайларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы немесе уәкілетті мемлекеттік органдар растауға тиіс.

11.4. Жоғарыда көрсетілген мерзімде хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде еңсерілмейтін күштің кез келген жағдайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, онда ол шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.





12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процедураларының жүргізілгендігін мойындайды және олардың сақталуын қадағалайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.


14. Құпиялылық

14.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Тараптар осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия емес және жүйеде және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының басқа ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғаларға қолжетімді екендігімен келіседі. Тараптар осы Шартқа сәйкес берген және/немесе қолданған басқа құжаттар мен ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың тақырыбына қатысты мәселелерді олардың іс жүзінде шешілу мүдделері үшін сотта қаралатын істерге қолданылмайды немесе егер мұндай ашып көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша жүзеге асырылады.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және мұндайларға адал арқа сүйей отырып жасасады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімдерге енгізілмегеніне; (a) Шарт жасасу және/немесе оны Өнім берушінің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына; (b) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын





Өнім берушінің шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттары ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады, оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы; (с) Подярдчиктің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және(немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізім.

15.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл емес болып табылған жағдайда, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Өнім берушінің осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

15.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне орай қолданыстағы Санкциялық актінің («Жаңа санкциялар») қолданылу аясы кеңейтілсе немесе өзгеше түрде өзгерсе, және осындай Жаңа санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін бермесе немесе елеулі түрде қиындатса; және (немесе) (b) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне ұзақ мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін алуға және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) әкелсе немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (с) өнім беруді/қызметтер көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса; (d) Тараптардың қайсыбірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау мүмкін емес немесе Жаңа санкциялармен елеулі түрде қиындатылған Тараптардың қайсыбірінің міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғатын болса; және (немесе) (е) осындай Тараптың кредиттік рейтингісінің төмендеуіне әкеп соқса немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар болса, (бірге – «Жаңа санкциялардың салдары»), мұндай Тарап Жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ресми растаушы құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етуге (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) міндеттенеді.


15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптар Жаңа санкциялардың Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықтимал әсеріне қатысты, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды («Адал келіссөздер») қоса алғанда, Жаңа санкциялардың осындай теріс ықпалының алдын алу немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы өз позицияларын адал талқылау және келісу үшін кездесуді (кездесулерді)/келіссөздерді өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды. Жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды осы Шартты Тараптардың орындауына қолдануды болдырмауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар Адал келіссөздердің бірінші күнін өткізгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кейін Келісімге қол жеткізбеген кезде кез келген Тараптың кез келген уақытта Жаңа санкциялардың салдарларына әкеп соққан Жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама») жіберуге құқығы бар. Келісімге қол жеткізбегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

15.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не не Тараптар келіскен өзге валютада, жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша Жаңа санкцияларға байланысты өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша балама валютамен төлем жасау Тараптарға Жаңа санкциялардың салдарларын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда 15.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылуға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды деп келіседі.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не Тараптар келіскен өзге валютада, жүзеге асыру заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде орынсыз болатын болса, Тапсырыс беруші Мердігерді бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге





міндеттенетінін растайды және келіседі және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны не Тараптар келіскен өзге валютада, («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда, онда тараптар осындай төлемдерді жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет сайтында тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса (www.nationalbank.kz), Тараптар келісетін өзге бағам бойынша, тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн).

15.10. Шарт орыс және қазақ тілдерінде бірдей заңды күші бар электрондық нысанда, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі

15.13. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

15.13.1. № 1 қосымша - сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

15.13.2. № 2 қосымша-техникалық ерекшелік;


15.13.3. № 3 қосымша-сатып алынатын тауарлардағы жергілікті қамту бойынша есептілік.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод»
(Атырау)
Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Зейнолла Қабдолов даңғылы,
1 құрылыс
БСН 040740000537
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ446010141000007156
АО «Народный Банк Казахстана»
Тел.: +7 (712) 225-9200

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____

Тел.: _____





Қосымша №1
Шартқа

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1651 T	Стандартты үлгі, меншікті электрлік өткізгіштің	Басқа сипаттамалар: ГСО 9382-2009 УЭП АТ-1 үлгісі	2.000	2.000	Дана	79 500.03		159 000.06	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1633 T	Стандартты үлгі, тұтқырлығы	Басқа сипаттамалар: ГСО 8586-2004 РЭВ-2 үлгісі	2.000	2.000	Дана	46 588.49		93 176.98	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1641 T	Стандартты үлгі, ашық тигледі тұтану	Басқа сипаттамалар: ГСО 4409-1989 ТОТ-3 үлгісі	2.000	2.000	Дана	20 418.75		40 837.5	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1637 T	Стандартты үлгі, қышқылдығы	Басқа сипаттамалар: ГСО 8428-2004 К-1 үлгісі	2.000	2.000	Дана	30 782.4		61 564.8	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1652 T	Стандартты үлгі, мұнайда/мұнай өнімдерінде көмірсутектердің (хошиісті,нафтенді, олефинді) салмақ үлесі	Басқа сипаттамалар: Полициклді ароматты көмірсутектердің массалық үлесінің стандартты үлгісі	4.000	4.000	Дана	18 525.03		74 100.12	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1654 T	Стандартты үлгі, хлор (хлор имитаторының) мөлшерінің	Басқа сипаттамалар: ГСО 8860-2007 ХО- 0,4-ЭК үлгісі	3.000	3.000	Дана	6 806.48		20 419.44	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе






1621 T	Бензой қышқылы, жанудың үлестік энергиясының стандарттық үлгісі	Басқа сипаттамалар: ГСО 5504-1990 К-3 үлгісі	2.000	2.000	Дана	331 248.11		662 496.22	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1622 T	Қымыздық қышқылы, стандарт-титр	Басқа сипаттамалар: Стандарт-титр Қымыздық қышқылы	1.000	1.000	Орама	8 135.09		8 135.09	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1656 T	Стандартты үлгі, бензиндегі, мұнай өнімдеріндегі металдардың (элементтердің) мөлшерлері	Басқа сипаттамалар: бензиндегі қорғасынды анықтау стандартты үлгісі.	2.000	2.000	Шиша	59 135.5		118 271	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1619 T	Натрий гидроксиді, стандарт-титр	Басқа сипаттамалар: Стандарт-титр Натрий гидрототығы	1.000	1.000	Орама	7 676.91		7 676.91	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1620 T	Сіркесу қышқыл мырыш (мырыш ацетаты), химиялық таза, 2-енгізбелі	Басқа сипаттамалар: 2-сулы сірке қышқылды мырыш (мырыш ацетаты), химиялық таза	0.500	0.500	Килограмм	15 275		7 637.5	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1632 T	Көмір, белсендірілген, жарықтандырушы ағашты ұнтақ тәрізді, маркасы ОУ-А	Басқа сипаттамалар: Белсенді ағартқыш көмір, ағаштекті, ұнтақ тәрізді ОУ-А	1.000	1.000	Килограмм	7 332		7 332	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
1659 T	Оттегі сіңіргіші, сұйықтық	Басқа сипаттамалар: Сіңіргіш химиялық эк ХП-И, химиялық таза	1.000	1.000	Килограмм	4 888		4 888	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, г. Атырау, ул. 3. Кабдолова, 1, ТОО "АНПЗ"	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 80 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.





Тауарларды жеткізу жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке товаров № _____

г. _____

«__» _____ 2023 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Атырауский нефтеперерабатывающий завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____, именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____, заключили настоящий договор о закупках товара (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Потенциальный поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется поставить и передать в собственность Заказчика товары по ценам, параметрам и другим условиям, указанным в Договоре (далее - Товар), а Заказчик обязуется принять и оплатить Товар на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) _____ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

